

Акабаева Мадина Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша) атты 6D020500 филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәржесін алу үшін дайындалған диссертациясына

ШКІР

Заманауи лингвистикада медиамәтіндерді антропоэекті бағытта зерттеу тақырыбы өзекті әрі қызықты. Нысанаға алынып отырған мәселе зерттеушілердің назарын өзіне аудартып қана қоймай, сонымен қатар телебағдарламалар тілінің жаңа қырларын ашуға, оның ішінде балаларға арналған мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін қадағалауға, ондағы концептілер жүйесін анықтауға және медиамәтіндер тілін дамытуға ықпал ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Балаларға арналған медиамәтіндерді зерттеу мәселесінің өзектілігі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік сипатымен тікелей байланысты. Заманауи ғылымда балаларға арналған телебағдарламалар аз зерттелген. Автор мәтін және медиамәтін ұғымдары туралы ғалымдардың тұжырымдарын саралай келе, балаларға арналған телебағдарламаларды топтап, тілдік ерекшеліктерін танымдық тұрғыда зерттейді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – балаларға арналған Отандық телебағдарламалар мәтіндерінің когнитивтік модельдер мен концептілер жүйесін айқындау арқылы қазіргі қазақ медиамәтіндерінің ұлттың рухани, мәдени коды ретіндегі сипатын ашу. Бұл мақсатқа жету үшін докторант алдына нақты міндеттер қойып, онларды ойдағыдай шеше білген. Атап айтқанда:

тіл біліміндегі «медиамәтін» ұғымын зерттеуге бағытталған теориялық тұжырымдарды саралап, медиамәтіндерді антропоэекті парадигма аясында когнитивті аспектіде қарастырудың әдіснамалық негіздері айқындалған;

– балаларға арналған медиамәтіндердің тақырыптық-мазмұндық, жанрлық классификациясын жасау, тілдік ерекшеліктері дәйектелген;

– телебағдарлама мәтіндеріндегі тұрақты тіркестер, концептуалды метафоралар сияқты когнитивтік бірліктердің қазақ медиабейнесін түзудегі танымдық қызметі анықталған;

– қазіргі қазақ медиамәтіндерінің антропоэектік сипаты мен ұлттық кодын балаларға арналған телебағдарлама мәтіндерінің метафоралық және фразеологиялық тілдік бейнесі негізінде ашылған;

– медиамәтіндердегі символдардың танымдық-ақпараттық құрал ретіндегі лингвокогнитивтік уәжділігі айқындалған;

– медиамәтіндердегі балалардың әлем туралы ұлттық-мәдени танымын бейнелейтін «туған жер», «достық», «балалық шақ» концептілерінің метафоралық моделдерін құру, медиакөңістіктегі концептуалдық мазмұнын анықтау арқылы аталған концептілердің менталды сипаты ашылған.

Зерттеу жұмысында қарастырылған мәселелер қазақ тіл біліміндегі

медиалингвистика, когнитивтік лингвистика, мәтін лингвистикасының теориялық тұрғыдан жаңа тұжырым, түйіндермен толығына септігін тигізеді.

Зерттеу нәтижелерін, жинақталған материалдар мен тұжырымдарды «Медиалингвистика» саласындағы ғылыми зерттеулер жүргізуде, жоғары оқу орындарында «Медиалингвистика», «Когнитивті лингвистика», «Мәтін лингвистикасы» сияқты курстарды жүргізуге және оқу құралдарын жазу барысында қолдануға болады.

Зерттеу барысында жинақтау, сұрыптау, салыстыру, сипаттау, қорытындылау; концептуалдық талдау, когнитивтік интерпретация әдісі, метафоралық модельдеу сияқты зерттеу әдістері қолданылған.


Зерттеуші диссертациялық зерттеудің қорытындысы бойынша барлығы 11 мақала жариялаған. Диссертациялық зерттеудің құрылымы, оның мақсаты мен міндеттеріне байланысты: диссертация кіріспеден, 2 тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.


Диссертацияда қол жеткізілген теориялық және практикалық маңызды нәтижелер мен ғылыми жаңалықтар Отандық медиалингвистика және когнитивтік лингвистика саласындағы жаңа зерттеулерге мұрындық болады деп санаймыз.

Қорыта келгенде Акабаева Мадина Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамагнәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәгіндері бойынша) атты диссертациялық зерттеуі 6D020500 филология мамандығына сәйкес келеді, ал оның авторы аталған мамандық бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәржесіне лайық деп есептейміз.

Ғылыми кеңесші:

филология ғылымдарының докторы,
профессор


Сейітова Ш.Б.



инспектор

ОМРМ

